

«Жеңілдікті наурыз» акциясын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер.

Осы «Жеңілдікті наурыз» акциясын өткізу ережесі (бұдан әрі – «Ереже») «ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ-ның, БСН 160840000397 (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы») ресми ұсынысы (бұдан әрі – «Жария оферта») болып табылады және «Жеңілдетілген наурыз» акциясының (бұдан әрі – «Акция») барлық маңызды шарттарын қамтиды.

Акцияға қатыса отырып, жеке тұлға осы Ереженің мәтінімен танысқанын растайды және оның шарттарымен өзінің сөзсіз келісімін білдіреді. Ұйымдастырушы мен қатысушының (қатысушылардың) қатынастарына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-399-баптарының нормалары қолданылады.

Акцияны өткізу туралы ақпарат, оны өткізу тәртібі мен шарттары оны өткізу кезеңінде Ұйымдастырушының сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы **Акцияға** қатысушыларға жеткізіледі.

Егер сіз **Акцияның** қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, Ұйымдастырушы сізге қатысудан бас тартуды ұсынады.

2. Қолданылатын терминдер.

2.1. «Жеңілдетілген наурыз» акциясы – Ұйымдастырушы өткізетін бейілділік бағдарламасы, оның шарттары бойынша Акцияға қатысушыларға клиенттердің Ұйымдастырушыға бейілділігін арттыру мақсатында жеңілдікті кезең беріледі.

2.2. Клиент - «Bank RBK» АҚ эмиссиялаған Visa Virtuon S Light төлем карточкасының (S lite картасы) ұстаушысы болып табылатын, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт (Solva Картасы өнімі) бойынша міндеттемелері бар жеке тұлға.

2.3. Акцияға Қатысушы – Ұйымдастырушының офлайн-бөлімшелерінде (оның ішінде бұрын клиент болып табылмаған Қарыз алушылар үшін) микрокредит рәсімдеген немесе микрокредитті онлайн рәсімдеген Акцияның шарттарына сәйкес келетін Клиент (Акция басталғанға дейін Клиент болып табылған Қарыз алушылар үшін). Акцияға Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын жеке тұлғалар қатыса алады.

2.4. Жеңілдікті кезең – Қарыз алушы Шарт бойынша берешекті толық мерзімінен бұрын өтеген және Акция талаптарын орындаған жағдайда микрокредит берілген күннен бастап және микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредитті өтеу кестесі бойынша бірінші жоспарлы төлем күніне дейінгі (қоса есептемегенде) уақыт кезеңі ішінде Клиент микрокредитті өтеу кестесінде көрсетілген, соның ішінде микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны төлемейтін кезең;

2.5. Сайт – Ұйымдастырушының <https://solva.kz/> мекенжайда орналастырылған ресми сайты.

2.6. Микрокредит – Ұйымдастырушы Клиентке микрокредит беру туралы шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ұйымдастырушының ішкі нормативтік құжаттарында ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында айқындалған мөлшерде және тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында беретін ақша.

2.7. Сатып алу – тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу бойынша S lite картасын қолдана отырып, Клиент бастамашылық еткен қолма-қол ақшасыз операция.

2.9. Транзакция – Е-com операциялары арқылы сауда-сервистік кәсіпорындар мен интернет-дүкендердің POS-терминалдары желісінде S lite картасын пайдалана отырып, тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыс операциясы.

3. Акцияның шарттары.

3.1. Акцияға қатысу үшін Клиентте микрокредит берілген S lite картасы ашылуы тиіс.

3.2. Клиент S lite картасын пайдалана отырып, жалпы сомасы 20 000 (жиырма мың) теңгеден асатын сомаға сауда жасауы (жеңілдікті кезең ішінде және жеңілдікті кезең ішінде микрокредит бойынша берешек толық мерзімінен бұрын өтелгенге дейін) тиіс. МСС Акцияға қатыспайтын Транзакциялардың МСС кодтары Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген. Ұйымдастырушы Ереженің №1 қосымшасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Ұйымдастырушы S lite картасының эмитентінен алынған транзакция деректерінің дұрыстығы үшін жауап бермейді.

3.3. Осы Ереженің 3.2-тармағында көрсетілген шартты жасағаннан кейін Клиент жеңілдікті кезең ішінде микрокредит бойынша берешекті толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруы тиіс.

3.4. Клиент осы Ереженің 3.2 және 3.3-тармақтарында көрсетілген шарттарды орындаған жағдайда, микрокредитті өтеу кестесінде, соның ішінде микрокредитті пайдалану кезеңінде көрсетілген сыйақыны Ұйымдастырушы алмайды және Клиент төлемейді.

3.5. «Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға» нысаналы мақсатымен микрокредит берілген жағдайда Ұйымдастырушы Қарыз алушыға «тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға» нысаналы мақсатымен микрокредит лимиті мөлшерінде бонустар есептейді (бір бонус бір теңгеге тең есебінен). Ұйымдастырушы даусыз (акцептсіз) тәртіппен «тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға» нысаналы мақсатымен микрокредит бойынша Ұйымдастырушының алдындағы Қарыз алушының берешегін өтеуге есептелген бонустарды есептен шығаруға құқылы, оған Қарыз алушы өз келісімін береді. Бонустарды қолма-қол ақшаға айналдыруға немесе осы Ережеде көзделгеннен басқа мақсаттарға пайдалануға болмайды. Бонустар ақшалай өтелмейді және үшінші тұлғаларға берілмейді.

3.6. Егер транзакциялар бойынша төлем картасының эмитентінен ақпарат берілмеген жағдайда Ұйымдастырушы Клиентке жеңілдікті кезең беруден бас тартуға құқылы.

3.7. Ұйымдастырушы бұл туралы ақпаратты орналастыру арқылы Сайтта **Акцияның** шарттарын өзгерту немесе оның қолданысын тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

3.8. Ұйымдастырушының қазіргі қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері **Акция** қатысушысы бола алмайды.

3.9. **Акцияға** қатысушы оған қатыса отырып, осы **Акция** Ережесінде көзделген барлық талаптармен сөзсіз келіседі, оларды сақтауға және орындауға міндеттенеді. **Акция** ережелері бұзылған жағдайда **Акцияға** Қатысушы Акцияға қатысу құқығынан айырылады.

3.10. Егер Ұйымдастырушыға **Акцияға** Қатысушының осы **Акция** ережелерін сақтамау фактілері, **Акцияға** әділетсіз немесе жауапсыз қатысу, өзі туралы анық емес немесе көрінеу жалған деректер беру фактілері белгілі болған жағдайда, мұндай **Акцияға** Қатысушы Акцияға қатысу құқығынан айырылады.

3.11. **Акцияны** өткізу мерзімі – 2025 жылғы 7 наурыздан 2025 жылғы 30 сәуірге дейін.

4. Тараптардың жауапкершілігі.

4.1. Тараптар осы Ереженің шарттарында көзделген жағдайда және тәртіппен жауапты болып табылады.

4.2. Қалған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы негіздер бойынша жауапты болып табылады.

4.3. Ұйымдастырушы мыналар үшін жауапты болып табылмайды:

а. **Акцияға** Қатысушының осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамауы (уақтылы орындамауы) ;

б. **Акцияға** қатысушының Ережені білмеуінен туындаған жағдайлар.

5. Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын дербес деректер мен ақпарат, мәліметтер.

5.1. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес Қатысушы осы Ереженің шарттарын қабылдай отырып, Ұйымдастырушының **Акцияны** өткізу мақсаттары үшін, сондай-ақ онда көрсетілген жағдайларда заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен **Акцияны** жинауды, өңдеуді, оған қол жеткізуді, сақтауды, алуды және таратуды жүзеге асыруына өз келісімін береді.

5.2. Ереженің шарттарын қабылдай отырып, **Акцияға** Қатысушы, соның ішінде осы Ереженің шарттарын орындау нәтижесінде Ұйымдастырушыға белгілі болған **Акцияға** Қатысушы туралы заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты Ұйымдастырушы үшінші тұлғаларға осы Ережені орындау мақсаттары үшін ғана немесе осы Ережеде көзделген жағдайларда, немесе мұндай ақпаратты беру Ұйымдастырушы үшін міндетті болған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген жағдайда бере алатындығымен келіседі.

6. Өзге шарттар.

6.1. Ұйымдастырушы осы Ереженің шарттарын бұзғаны үшін, егер мұндай бұзушылық еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының, соның ішінде: мемлекеттік билік органдарының іс-әрекеттері (соның ішінде құқықтық актілерді қабылдау), өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, басқа да табиғи апаттар, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютерлік желі жұмысының бұзылуы, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, жоғарыда аталғандармен шектелмей Ұйымдастырушының осы Ереженің шарттарын орындауына әсер етуі мүмкін кез келген өзге де мән-жайлар ықпалынан туындаса жауапкершіліктен босатылады.

6.2. Ұйымдастырушы Ереженің шарттарына өзгерістер енгізуге немесе **Акцияны** мерзімінен бұрын тоқтатуға/аяқтауға құқылы, соған орай Қатысушы Сайтта жарияланған мұндай өзгерістерді үнемі қадағалап отыруға міндеттенеді.

6.3. Ұйымдастырушы **Акцияға** қатысу үшін деректердің жіберілуін немесе алынуын шектейтін немесе кешіктіретін желінің, компьютерлік техниканың, аппараттық және/немесе бағдарламалық жасақтама жұмысының салдарынан орын алған кез келген ақаулықтар үшін жауапты болып табылмайды. Ұйымдастырушы барлық деректердің тиісті түрде жеткізілуіне кепілдік бермейді және деректердің ұсынылмауы салдарынан Акцияға қатысу мүмкіндігін жіберіп алғаны үшін жауап бермейді.

7. Ұйымдастырушының деректемелері

«ОнлайнКазФинанс» МҚҰ» АҚ, БСН 160840000397 Мекенжайы: Алматы қ., Сейфуллин даңғ., 502, 9-шы қабат.

№	Бонустар есептелмейтін MCC кодтарының (Merchant Category Code) тізімі:	Перечень MCC кодов (Merchant Category Code), по которым не начисляются бонусы:
2310	Категориясы анықталмаған	Категория не определена
3429	Жалға алынған автомобильдерді сақтандыру	Страхование автомобилей, взятых в аренду
4722	Туристік агенттіктер және экскурсияларды ұйымдастырушылар	Туристические агентства и организаторы экскурсий
4812	Телефондар сатуды қоса алғандағы телекоммуникациялық жабдық	Телекоммуникационное оборудование, включая продажу телефонов
4813	Операторды қоспай-ақ қолжетім орталық нөмірін әрі қолжетім кодын қолдана отырып, жергілікті және қашықтықтағы бірлік телефон қоңырауларын ұсынатын, пернелік енгізу телекомдарының сауда нүктелері	Торговые точки телеком клавишного ввода, предлагающие единичные локальные и дальние телефонные звонки, используя центральный номер доступа без разговора с оператором и используя код доступа
4814	Телекоммуникациялық қызметтер	Телекоммуникационные услуги
4816	Компьютерлік желілер, ақпараттық қызметтер	Компьютерные сети, информационные услуги
4829	Қаржы ұйымдарында ашылған шоттарға қаражат аудару	Перечисление средств на счета, открытые в финансовых организациях
4900	Коммуналдық қызметтер – электр қуаты, газ, санитария, су	Коммунальные услуги– электричество, газ, санитария, вода
5933	Ломбардтар	Ломбарды

5960	Сақтандыру қызметтері – тікелей маркетинг	Страховые услуги– прямой маркетинг
5999	Әртүрлі дүкен	Различные магазины
6010	Қаржы мекемелері – қолма–қол ақшаны қолмен алу	Финансовые учреждения– снятие наличности вручную
6011	Қаржы мекемелері – қолма–қол ақшаны автоматты түрде алу	Финансовые учреждения– снятие наличности автоматически
6012	Қаржы ұйымдарының қызметтері, төлемдер олардың пайдасына жаратылады	Услуги финансовых организаций, платежи в их пользу
6050	Қаржы мекемелері – квази–кэш (электрондық ақша)	Финансовые учреждения– квази–кэш (электронные деньги)
6051	Қаржылық емес мекемелер – квази–кэш	Нефинансовые учреждения– квази–кэш
6211	Бағалы қағаздар – брокерлер/дилерлер	Ценные бумаги– брокеры/дилеры
6300	Сақтандыру қызметтерін сату	Продажа услуг страхования
6310	Категориясы анықталмаған	Категория не определена
6399	Сақтандыру қызметтері	Страховые услуги
6529	Қаржы ұйымдары – құнды заттарды сақтау қызметтері	Финансовые организации– услуги хранения ценностей
6530	Қаржылық емес ұйымдар – құнды заттарды сақтауға жауаптының қызметтері	Нефинансовые организации– услуги ответственного хранения ценностей
6531	Төлем жүйелері – сауда есебіне жасалған аударымдар	Платежные системы– переводы в счет покупок
6532	Төлем жүйелері – қаржы ұйымдары – аударымдар	Платежные системы– финансовые организации– переводы
6533	Төлем жүйелері – қаржылық емес ұйымдар – аударымдар	Платежные системы– нефинансовые организации– переводы
6534	Ақша аударымдары – қаржы ұйымдары	Денежные переводы– финансовые организации
6536	Mastercard MoneySend ақша аударымдары – мемлекет ішінде	Денежные переводы Mastercard MoneySend– внутри страны
6537	Mastercard MoneySend ақша аударымдары – мемлекеттер арасында	Денежные переводы Mastercard MoneySend– между странами

6538	Mastercard MoneySend Funding ақша аударымдары	Денежные переводы Mastercard MoneySend Funding
6540	POI қаржыландыру бойынша транзакциялар (MoneySend–ті қоспағанда)	Транзакции по финансированию POI (за исключением MoneySend)
6542	Категориясы анықталмаған	Категория не определена
7278	Сатып алулар/шопинг қызметтері	Услуги покупок/шопинга
7299	Бұған дейін еш жерде жіктелмеген әртүрлі қызметтер	Различные услуги, нигде более не классифицированные
7311	Жарнамалық қызметтер	Рекламные услуги
7372	Бағдарламалау, деректерді өңдеу, интеграцияланған жүйелерді жобалау	Программирование, обработка данных, проектирование интегрированных систем
7399	Бұған дейін еш жерде жіктелмеген бизнес–қызметтер	Бизнес–услуги, нигде более не классифицированные
7801	Интернеттегі құмар ойындар (АҚШ қана)	Азартные игры в интернете (только США)
7802	Ат/ит жарыстары (АҚШ қана)	Лошадиные/собачьи бега (только США)
7994	Видеоойындар клубтары	Клубы видеоигр
8398	Қайырымдылық ұйымдары және әлеуметтік қызметтер – қаражат жинау	Благотворительные организации и социальные службы– сбор средств
8999	Бұған дейін еш жерде жіктелмеген кәсіби қызметтер	Профессиональные услуги, нигде более не классифицированные
9211	Алиментті және балаға қолдау көрсетуді қоса алғандағы сот төлемдері	Судебные выплаты, включая алименты и детскую поддержку
9222	Айыппұлдар	Штрафы
9223	Кепілзаттар мен облигациялар бойынша төлемдер	Платежи по залогам и облигациям
9311	Салық төлемдері	Налоговые платежи
9754	Ат/ит жарыстары (АҚШ қана)	Лошадиные/собачьи бега (только США)
9999	Категориясы анықталмаған	Категория не определена